



«COVID–19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ– САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

1978Ж. АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ–САНИТАРЛЫҚ КӨМЕК БОЙЫНША
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ,
ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ ШАРМАНОВ ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНҰЛЫНЫҢ
90–ЖЫЛДЫҒЫНА ЖӘНЕ С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 90–ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

19 – 20 ҚАЗАН 2020 Ж.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ БАҒЫТТАРЫ:

- COVID-19-бен күрестегі алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлі: алдын-алу, ерте анықтау, байланыста болғандарды анықтау, оқшаулау және күтім.
- COVID-19 симптомсыз ағымдағы науқастарды қарауда, жедел және стационарлық көмекпен өзара әрекеттесудегі алғашқы медициналық-санитарлық көмектің рөлі.
- Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде COVID-19 анықталған науқастарды қарау.



1-күн, 19.10.2020

8.30-9.00 Конференция қатысушыларын тіркеу
Виртуалды тур

Модератор Нұрғожин Т.С., «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Басқарма басшысы - Ректор

09.30-09.50	Конференцияның ашылуы, құттықтау сөздері	Б.А. Сағынтаев –Алматы қ. әкімі А.В. Цой – ҚР Денсаулық сақтау министрі
--------------------	--	--

10.00-10.30	Академик Шарманов Т.Ш. алғысөзі	Шарманов Т.Ш. – м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі РК, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтар иегері.
--------------------	---------------------------------	---

Таңғы сессия

Модератор: Мелитта Якаб, АМСК бойынша ДДСҰ Еуропалық орталығының басшысы

10.30-11.15	COVID-19 шектеуі: Жаңа Зеландия тәжірибесі және осы тәжірибені кеңейту.	Майкл Бейкер, Отаго университетінің қоғамдық денсаулық сақтау профессоры, Веллингтон, Жаңа Зеландия.
--------------------	---	--

11.15-12.00	COVID-19 –ға жауап	Норио Омагари, MD, MSc, PhD CDC директоры; AMR клиникалық анықтамалық орталығының директоры,; ДДСҰ жаңа жұқпалы аурулардың алдын-алу, дайындық және әрекет ету жөніндегі бірлескен орталықтың директоры, Медицина және жажандық денсаулықтың ұлттық орталығы госпиталі, Жапония
--------------------	--------------------	---

12.00-12.30	COVID-19. БМСК, цифрландыру және болашақ туралы 19 ой	Л.А. Ишбаева, «Салауатты Астана» ЖШС Бақылау кеңесінің төрағасы, MBA Public health care
--------------------	---	---

12.30-13.15	БМСК-ті күшейту және COVID-19-пен күресу үшін резервтік әлеуетті жұмылдыру.	Тое Юк Ин, профессор, Қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканы Saw Swee Hock, Сингапур
--------------------	---	--

13.15-13.45	COVID-19 пандемиясы: Литваның тәжірибесі, алған сабақтары және алда тұрған қиындықтарға дайындық.	Рамуне Каледиене, профессор, Қоғамдық денсаулық сақтау факультетінің деканы, Денсаулық ғылымының Литва университеті
--------------------	---	---

13.45-14.00	Пікірталас, сұрақ-жауап, таңғы сессияның қорытындысын шығару	Модератор, конференция қатысушылары
--------------------	--	-------------------------------------



1-күн, 19.10.2020

Кешкі сессия
Модератор: Витянис Калибатас, Провост
«С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ

17.00-17.30	Ковидтен кейінгі синдром – амбулаторлық кезең.	М.С. Бекбосынова, м.ғ.д., «ҰҒКО» КеАҚ төрағасының м.а., кардиолог
17.30-18.00	COVID-19-қа қарсы күресте алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейіндегі жаңа медициналық және әлеуметтік технологиялар.	Т.К. Рахыпбеков, «Primary health care» Ұлттық ассоциациясының президенті, Қазақстан
18.00-18.30	Алматы декларациясының қағидалары төмен және орта деңгейдегі елдердің алғашқы медициналық-санитарлық көмекке инвестиция арқылы денсаулығын күрт жақсартуға қалай шабыттандырды?	Дэвид Бишаи, профессор, Джонс Хопкинс Блумберг Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі; Майке Шлейфф, ғылыми қызметкер, Джонс Хопкинс Блумберг Қоғамдық денсаулық сақтау мектебі;
18.30-19.15	COVID-19 пандемиясының тегеуріндері	Грегори Паппас, MD, PhD, Ұлттық аппараттар қадағалауының ассистенті, аппараттар және радиациялық денсаулық орталығы, FDA
19.15-19.30	Пікірталас, сұрақ-жауап, кешкі сессияны қорытындылау. Бірінші күннің аяқталуы.	Модератор, конференция қатысушылары



2-күн, 20.10.2020

8.30-9.00	Тіркеу	Модератор: проф. А.Т. Шарман
9.00-9.45	COVID-19 және балалар	Лоренс Штейнман, профессор Неврология және неврологиялық ғылым, педиатрия және Генетика профессоры
9.45-10.30	COVID-19 эпидемиясының болашақ траекториясы және оған алғашқы медициналық-санитарлық көмектің әсері.	Кристофер Мюррей, Директор, денсаулықтың көрсеткіштері және бағалау институты (IHME), Вашингтон Университеті, Сиэтл, АҚШ.
10.30-11.15	БМСК кезіндегі пандемия кезінде қосарланған бақылау жүргізудегі қиындықтар	Мелитта Якаб, Алматы қ. АСМК Еуропалық орталығының басшысы
11.15-12.00	COVID-19 пандемиясы аясында тұмау және ЖРВИ. БМСК дәрігерінің тактикасы.	А.К. Дуйсенова, м.ғ.д., профессор, жұқпалы және тропикалық аурулар кафедрасының меңгерушісі
12.00-12.30	COVID-19 бар науқастарға амбулаториялық жағдайда антикоагулянттық терапия	А.Б. Сугралиев, м.ғ.д., профессор, ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі
12.30-13.15	Ковидтен кейінгі өткір кезеңдегі науқастарды БМСК деңгейінде емдеу: біз не білеміз және белгісізді қалай жеңуге болады?	Триша Гринхал, профессор, Оксфорд университеті, Лондон, Ұлыбритания.
13.15-14.00	COVID-19 пандемиясы кезіндегі жүкті әйелдерді алғашқы медициналық көмек көрсету	В.Н. Локшин, профессор, ҰҒА академигі, репродуктивті медицина Қазақстан ассоциациясының президенті, PERSONA халықаралық клиникалық орталығының бас директоры
14.00-14.30	COVID-19 эпидемиясы аясында халыққа БМСК деңгейінде медициналық көмек көрсету	В.Б. Хабижанова, м.ғ.д., профессор, ЖДП №1
14.30-14.45	Талқылау, сұрақ-жауап, қорытындылау. Екінші күннің аяқталуы. Резолюция	Модератор, участники конференции
14.45-15.00	Конференцияның жабылуы	Т.С. Нұрғожин, «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Басқарма басшысы - ректор



«COVID–19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ– САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

ҚАЗҰМУ-ДЫҢ «АЛТЫН ҚОРЫ» – ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВ



Төрегелді Шарманов еліміздің мақтанышы, отандық медицинаның дамуына өзіндік үлес қосқан көрнекті ғалым, академик, ҚазҰМУ-дың «Алтын қорына» енген белгілі тұлға, нутрициология кафедрасының негізін қалаушы, Алматы қаласының Құрметті азаматы, «Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Леон Бернард атындағы ең жоғары марапаттың, Мемлекеттік сыйлықтың, I дәрежелі «Достық» орденінің иегері, Қазақ тағамтану академиясының президенті, медицина ғылымдарының докторы, Қазақ Ұлттық Ғылым Академиясының және Ресей медицина ғылымдары академиясының академигі болып табылады.

Т.Ш. Шарманов Қазақстан және Орталық Азия республикаларында нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы болып табылады. Ол ұйымдастырған Қазақ тағамтану академиясы гигиена, биохимия, тамақтану иммунологиясы мен физиологиясы, диетотерапия және диетопрофилактиканың іргелі және қолданбалы мәселелерінің кең ауқымын зерттейтін ірі ғылыми мекеме болып табылады.

Академик Шарманов бүгінгі таңдағы әлемдік қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ең беделді тұлғалардың бірі. Т.Ш. Шармановтың бастамасымен және басшылығымен 1978 жылы Алматыда 146 мемлекет делегациясының қатысуымен Адамзат денсаулығының XX ғасырдағы ұлы хартиясы атанған құжатты қабылдаған ДДҰ-ның халықаралық конференциясы өткен болатын. Конференцияда бүгінгі күнге дейін әлемдік денсаулық сақтаудағы негізгі құжаттардың бірі болып табылатын Алматы декларациясы қабылданды, онда алғашқы медициналық-санитарлық көмектің ұлттық жүйесін ұйымдастыру тұжырымдамасы алғаш рет баяндалған еді.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕРЛЕР:



Норио Омагари

Жапониядағы ауруларды бақылау және алдын-алу орталығының директоры және ДДҰ-мен ынтымақтастықта болатын Жаһандық медицина ұлттық орталығының директоры. Ол Сага Университетінің Медицина мектебін бітіріп, Лондондағы гигиена және тропикалық медицина мектебінде жұқпалы аурулар бойынша магистр дәрежесін алды. Доктор Омагари жаһандық деңгейде жұқпалы ауруларды зерттеуге, емдеуге және алдын алуға маманданған.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:



Кристофер Мюррей

Дүниежүзілік денсаулық сақтау және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы зерттеуші, денсаулық сақтаудың көрсеткіштері және бағалау институтының директоры, АҚШ ұлттық медицина академиясының мүшесі. Ол бұған дейін Гарвардтың жаһандық денсаулық бастамасын және ДДҰ-ның дәлелдемелер мен ақпараттық кластерін басқарған. Доктор Мюррей - негізгі аурулардан болатын өлім мен мүгедектікті өлшеу және олардың қауіп-қатер факторларын өлшеу үшін қолданылатын Бүкіләлемдік бағалау жүйесінің негізін қалаушы. Ғылыми мансабында ол 16 кітап және 420-дан астам ғылыми мақалалар жазды және редакциялады.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Триша Гринхальх



Алғашқы медициналық-санитарлық көмек саласындағы Британдық медициналық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері, доктор Гринхалх әлеуметтік және саяси ғылымдар мен медицинада білім алды. Доктор Гринхалх ғылыми зерттеулерді денсаулық сақтау саласындағы тәжірибелік қосымшаларға аударуға бағытталған Оксфордтағы Translational Medicine магистрлік және PhD бағдарламаларын басқарады. Ол сонымен қатар өз жұмысында медицина мен әлеуметтік ғылымдарды біріктіретін пәнаралық медициналық зерттеулер тобының қосымша директоры. Оның «Дәлелді медицина негіздері» кітабы бүкіл әлемде танымал болды және бүкіл әлемнің практиктері мен студенттері арасында мойындалды. 2001 жылы дәлелді медицинаны дамытуға қосқан үлесі үшін Британ империясының орденімен марапатталды.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Лоуренс Штейнман



Неврология, педиатрия және генетика профессоры. Стэнфорд медицина мектебінің түлегі, доктор Штейнман көптеген склероз және мидың қабынуы саласындағы зерттеулермен, сондай-ақ I-типті диабет және оптомиомиелит сияқты аутоиммунды ауруларға вакцина іздеумен айналысады. Nature журналында жарияланған оның мидың қабынуындағы белгілі бір интегриннің рөлі туралы мақалаларының бірі Tysabri препаратының пайда болуына әкелді, ол қазір склероз бен Крон ауруын емдеуге қолданылады. Доктор Штейнман АҚШ Ұлттық Ғылым Академиясының және АҚШ Ұлттық Медицина Академиясының мүшесі. Ғылыми жетістіктері үшін көптеген марапаттардың иегері, неврология және иммунология саласындағы 40-тан астам патентке ие болды. Neurocrine Biosciences, Bayhill Therapeutics (Tolerion), Nuon Therapeutics, Transparency Life Sciences и Atreca негізін қалаушы.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:



Давид Бишай

Сан-Диего Университетінің Медицина мектебі мен Вартон бизнес мектебінің түлегі, дәрігер және денсаулық экономисті, доктор Бишай Джон Хопкинс университетінің қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің денсаулық сақтау саласы бойынша мекемеаралық бағдарламасының директоры. Ол денсаулық сақтау саласындағы қоғамдық шығындардың тиімділігін бағалауға маманданған. Доктор Бишайдың жұмысы денсаулық сақтау басқармаларының республикалық және жергілікті деңгейдегі жұмысының халықтың денсаулығына қалай әсер ететіндігін бағалауға мүмкіндік береді.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Майкл Бэйкер



Майкл Джордж Бэйкер Отаго университетінің эпидемиологы. Бэйкер Жаңа Зеландиядағы тамақ қауіпсіздігі жөніндегі академия мен Жаңа Зеландия денсаулық сақтау пандемиялық тұмауға қарсы техникалық кеңес беру тобының (PITAG) мүшесі. Дж.Бэйкер Отаго университетінде оқыды, онда медицина және денсаулық сақтау бакалавры мен қоғамдық денсаулық сақтау дипломын алды. Бастапқыда ол шұғыл медициналық көмекке немесе психиатрияға маманданғысы келді, бірақ денсаулық сақтау министрінің медициналық кеңесшісі болып жұмысқа орналасты. Бұл рөлде ол АҚТҚ / ЖҚТБ эпидемиясына қарсы әрекет жасады және ауысу бағдарламасын ұйымдастыруға көмектесті. Ол 1997 жылы Отаго факультетіне тағайындалды, ал 2013 жылы Веллингтондағы Отаго университетінің қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының профессоры дәрежесіне көтерілді. Ол Жаңа Зеландиядағы тауықтардың кампилобактериямен ластануын азайту үшін науқан жасады. 2013 жылы Бэйкер денсаулық және медицина ғылымдарына қосқан үлесі үшін HRC Liley медалімен марапатталды.



«COVID-19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Йик-Йинь Тео



Профессор Йик-Йинь Тео - Сингапурдың Ұлттық университетінің Со-Сви-Хок қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканы. Императорлық колледжде математик ретінде оқыды және Оксфордтан статистикалық генетика бойынша магистратура және PhD докторы дәрежесін алғаннан кейін, Оксфордта төрт жыл дәріс оқытушы болып, адам генетикасы бойынша Wellcome Trust орталығында зерттеуші ретінде қызмет атқарып, ол 2010 жылы Сингапурға қайтып келеді.

Декандыққа дейін ол медициналық қызметтер және саясатты зерттеу орталығының негізін қалаушы директоры және эпидемиология және инфекциялық ауруларды зерттеу орталығының директоры болған. Қазіргі уақытта ол Ауруларды зерттеу жөніндегі Халықаралық бағдарламаның (CDC) Ғалымдар кеңесінің мүшесі және Оңтүстік-Шығыс Азия үшін Тропикалық медицина және қоғамдық денсаулық сақтау аймақтық орталығы Басқарушы кеңесінің мүшесі.



«COVID–19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ– САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Мелитта Якаб



Доктор Якаб - Алматыда ДДСҰ-ның алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі географиялық қашықтықтағы кеңсесінің басшысы. Гарвардта Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы магистр және ғылым докторы дәрежесін алған. Доктор Якаб 20 жылдан астам уақыт бойы денсаулық сақтау жүйесін нығайту, қаржыландыру және жаһандық денсаулық бойынша зерттеулер жүргізіп келеді. Бұған дейін ол ДДСҰ-ның Еуропадағы жергілікті кеңсесінде денсаулық сақтаудың аға экономисті қызметін атқарған және денсаулық сақтау жүйелерін қаржыландыру мәселелері бойынша Молдова, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия, Украина және Өзбекстан елдерімен ынтымақтастық орнатқан.



«COVID–19 КҮРЕСТЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ– САНИТАРЛЫҚ КӨМЕКТІҢ РӨЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ТӘЖІРИБЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

19 – 20 Қазан 2020 ж.

СПИКЕР:

Рамуня Каледиене




Профессор Рамуня Каледиене, м.ғ.д., м.ғ.д., PhD докторы, Қоғамдық денсаулық сақтау факультетінің деканы, Литва денсаулық сақтау ғылымдары университетінің денсаулық сақтау және менеджмент кафедрасының меңгерушісі. Ол сондай-ақ Литва Қоғамдық денсаулық сақтау қауымдастығының президенті, Литва Денсаулық сақтау министрлігінің түрлі комитеттерінің мүшесі, Литва Парламенті Денсаулық сақтау комитетінің сарапшысы және Литва Парламентіндегі Денсаулық сақтау ұлттық кеңесінің мүшесі. Рамуне Каледиене Еуропалық аймақтағы университеттер мен денсаулық сақтау бағдарламаларын аккредиттеу бойынша сарапшы қызметін атқарады, Еуропалық Қоғамдық денсаулық сақтау қауымдастығының (EUPHA) ғылыми комитетінің мүшесі. Бірнеше жыл бойы ол Еуропалық аймақтық денсаулық сақтау мектептері қауымдастығының (ASPHER) өзара сараптама комитетін басқарды, ASPHER кеңесінің мүшесі болды. Ол Еуропалық аймақтағы қоғамдық денсаулық сақтау мектептерін дамыту бойынша сарапшы болды және Ресей, Грузия, Молдова, Македония, Қазақстан, Болгария, Сирия, Испания және Ұлыбританияда қоғамдық денсаулық сақтауды оқыту бағдарламаларын бағалауға және дамытуға қатысты. Рамуне Каледиене ДДҰ-ның денсаулық сақтау саласындағы адам ресурстарын дамыту және денсаулықтағы теңсіздіктер жөніндегі сарапшысы болып қызмет етті. Оның ғылыми қызығушылықтары денсаулық пен денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік-демографиялық теңсіздікті, суицид эпидемиологиясын және Литвадағы өлімнің сыртқы себептерін зерттеу. Профессор Р.Каледиене бірнеше оқулықтардың және осыған қатысты мәселелер бойынша 300-ден астам ғылыми мақала авторы болып табылады.

1930

2020



Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті



ҚазҰМУ – бұл еліміздің дәрігерлерді дайындаудағы үздік альма-матері. Өзінің 90 жылдық бай тарихында университеттен 100 мыңға жуық дәрігер түлеп шықты. Еліміздің әрбір үшінші медицина қызметкері біздің университеттің түлегі болып табылады.

ҚазҰМУ тек жетекші медициналық университет қана емес, сонымен қатар Қазақстанның жетекші ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарын біріктіретін ғылыми орталық болып табылады. Бүгінгі таңда университет қазақстандық білім беру рейтингтерінде жетекші орында.

Медицина мамандарының ұстаханасына айналған ҚазҰМУ-да бүгінде 10 мыңға жуық студенттер, интерндер, резиденттер, магистранттар мен PhD докторанттары білім алады. Олардың арасында 19 елден келген 1200-ден астам шетелдік студенттер бар. ҚазҰМУ түлектері әлемнің 17 елінде жұмыс істейді. Университетте 7 мектеп пен факультет бар.

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-да Қазақстанның белгілі ғалым-педагогтары, ҚР Ұлттық Ұлттық ғылым академиясының, Ресей медициналық ғылымдар академиясының, ҚР Профилактикалық медицина академиясының, Халықаралық академиялардың академиктері, еңбек сіңірген ғылым және білім қайраткерлері, еңбегі сіңген дәрігерлер мен фармацевтер қызмет етеді.

